

Шетел тілін оқытудағы жобалау әдісі - студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру құралы

ЖАРИЯЛАНДЫ
17.05.2026СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/188783/>

ӘОЖ:811

Әбдіқақарова Асылзат Асқарқызы**Үсен Инкар Әлібекқызы**

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық Зерттеу университеті,
“Шетел тілдер” факультеті, 3 курс

Ғылыми жетекші: **Тілейхан Әйгерім Тілейханқызы**

Қазіргі жаһандану дәуірінде білім беру жүйесі түбегейлі өзгерістерге ұшырап, дәстүрлі оқыту әдістерінен инновациялық тәсілдерге көшу қажеттілігі туындауда. Жоғары оқу орындарының алдында тұрған басты міндеттердің бірі – бәсекеге қабілетті, кәсіби құзыреттілігі жоғары мамандар даярлау. Бұл процессте шетел тілін меңгерудің маңызы ерекше, өйткені халықаралық деңгейдегі коммуникация және ақпарат алмасу үшін тілдік дағдылар шешуші рөл атқарады. Дегенмен, тек грамматикалық ережелер мен сөздік қорды жаттау арқылы заманауи талаптарға сай маман дайындау мүмкін емес. Студенттерге теориялық білімді практикада қолдануға, сыни тұрғыдан ойлауға және шығармашылықпен жұмыс істеуге мүмкіндік беретін әдістемелік тәсілдер қажет. Осы орайда, жобалау әдісі (project-based learning) шетел тілін оқытудың тиімді құралы ретінде қарастырылады. Бұл әдіс студенттердің танымдық белсенділігін арттырып, олардың кәсіби дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Жобалау әдісі арқылы студенттер нақты мәселелерді шешуге бағытталған тапсырмаларды орындай отырып, тілдік құзыреттілікпен қатар, зерттеу, талдау және презентация жасау дағдыларын дамытады [1, 126.].

Бұл зерттеудің өзектілігі қазақстандық жоғары оқу орындарында шетел тілін оқыту процесінде жобалау әдісін жүйелі түрде қолданудың теориялық негіздемесі мен практикалық тиімділігін анықтау қажеттілігінен туындайды. Қазіргі таңда көптеген оқу орындарында шетел тілі пәні әлі күнге дейін дәстүрлі, мұғалім орталықтандырылған

форматта оқытылып келеді. Мұндай тәсіл студенттердің мотивациясын төмендетіп, тілдік дағдылардың толыққанды дамуына кедергі келтіреді. Ал жобалау әдісі студентті оқу процесінің субъектісіне айналдырып, оның дербестігін және жауапкершілігін арттырады. Сонымен қатар, Болон процесіне интеграциялану және білім сапасын халықаралық стандарттарға сәйкестендіру мақсатында компетенттілік тәсілді басшылыққа алу міндеттелген. Компетенттілік тәсіл аясында жобалау әдісі студенттердің кәсіби құзыреттілігін кешенді түрде дамытуға мүмкіндік беретін оптимальды құрал болып табылады [2, 456.].

Зерттеудің мақсаты – шетел тілін оқытудағы жобалау әдісінің студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудағы рөлін теориялық тұрғыдан негіздеу және әдістемелік ұсыныстар әзірлеу. Осы мақсатқа жету үшін алдымен жобалау әдісінің педагогикалық және лингвистикалық аспектілерін қарастыру, оның түрлері мен ерекшеліктерін анықтау қажет. Екіншіден, кәсіби құзыреттілік ұғымының мәнін ашып, оның компоненттерін жіктеу керек. Үшіншіден, жобалау әдісі мен кәсіби құзыреттілік арасындағы байланысты орнатып, бұл әдістің нақты қандай дағдыларды дамытатынын дәлелдеу қажет. Төртіншіден, шетел тілі сабақтарында жобалау әдісін ұйымдастырудың кезеңдері мен критерийлерін сипаттау маңызды. Бұл зерттеу арқылы болашақ мамандардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған тиімді оқыту стратегияларын ұсыну көзделген [3, 786.].

Жобалау әдісінің тарихы ХХ ғасырдың басындағы прогрессивті педагогика идеяларымен тығыз байланысты. Бұл әдістің негізін салушылардың бірі ретінде америкалық философ және педагог Джон Дьюиді атап өтуге болады. Дьюидің «оқу арқылы үйрену» (learning by doing) тұжырымдамасы жобалау әдісінің философиялық іргетасын қалады. Ол білім берудің мақсаты тек ақпарат беру емес, студенттердің өмірлік тәжірибе арқылы білім алуын қамтамасыз ету деп санады. Кейіннен Уильям Килпатрик жобалау әдісін жүйелеп, оны мектеп практикасына енгізудің нақты алгоритмін ұсынды. Бастапқы кезде бұл әдіс негізінен жалпы білім беретін мектептерде қолданылса да, уақыт өте келе жоғары оқу орындарындағы кәсіби дайындық процесінде де кеңінен тарай бастады. Қазіргі таңда жобалау әдісі конструктивизм теориясына сүйенеді, яғни білім дайын күйінде берілмейді, студенттер өз бетінше ізденіс және тәжірибе арқылы конструирулайды [4, 236.].

Жобалау әдісінің анықтамасына келсек, бұл – студенттердің белгілі бір уақыт аралығында нақты нәтижеге (жоба өніміне) қол жеткізу мақсатында жүргізетін дербес немесе топтық зерттеу-ізденіс әрекеті. Жоба – бұл жай ғана реферат немесе баяндама емес, ол күрделі мәселені шешуге бағытталған, жоспарлы және мақсатты процесс. Жобалау әдісінің басты ерекшелігі – оның проблемалық сипаты. Студенттер алдында шешімін табуды қажет ететін нақты проблема немесе сұрақ қойылады. Бұл проблема олардың кәсіби қызметінде кездесуі мүмкін жағдаяттарға жақын болуы тиіс. Мысалы,

шетел тілін оқытуда студенттерге белгілі бір елдің мәдениетін зерттеу, халықаралық конференция ұйымдастыру жоспарын жасау немесе кәсіби тақырыптағы мақала аудару сияқты тапсырмалар берілуі мүмкін [5, 676.].

Жобалау әдісінің құрылымдық компоненттеріне мыналар жатады: тақырыпты таңдау, мақсат пен міндеттерді айқындау, ақпарат көздерін іздеу және талдау, жоспар құру, жұмысты орындау, нәтижені қорғау және рефлексия жасау. Әрбір кезең студенттен белгілі бір дағдыларды талап етеді. Тақырыпты таңдау кезеңінде студенттер өз қызығушылықтары мен кәсіби бағыттарын ескере отырып, тақырыпты негіздей білуі керек. Ақпарат іздеу кезеңінде олар шетел тіліндегі дереккөздермен жұмыс істеу дағдысын шыңдайды. Бұл процесс барысында студенттер тек тілдік емес, сонымен қатар ақпараттық құзыреттілікті де дамытады. Жоспар құру және жұмысты орындау кезеңдері уақыт менеджменті, командада жұмыс істеу және лидерлік қасиеттерді қалыптастырады [1, 346.].

Жобалау әдісінің түрлері әртүрлі критерийлер бойынша жіктеледі. Доминантты іс-әрекет түріне қарай жобалар зерттеушілік, шығармашылық, ақпараттық, практикалық-бағдарланған және рөлдік ойын түріндегі болып бөлінеді. Зерттеушілік жобалар ғылыми зерттеу құрылымына ұқсас болып келеді: гипотеза қою, эксперимент жүргізу, нәтижелерді талдау. Шығармашылық жобаларда нақты құрылым болмайды, нәтиже театрлық қойылым, видеофильм, газета немесе көркем шығарма түрінде ұсынылуы мүмкін. Ақпараттық жобалар деректерді жинау, жүйелеу және презентациялауға бағытталады. Практикалық-бағдарланған жобалар нақты өнім жасауға (мысалы, нұсқаулық, брошюра, веб-сайт) бағытталады. Рөлдік ойын түріндегі жобаларда қатысушылар белгілі бір әлеуметтік рөлдерді ойнап, сол рөл шеңберіндегі мінез-құлық стратегияларын модельдейді [2, 896.].

Жобалау әдісі мен кәсіби құзыреттілік арасындағы байланыс органикалық сипатқа ие. Жоба – бұл құзыреттілікті қалыптастыратын орта, ал құзыреттілік – жобаны сәтті орындаудың нәтижесі. Бұл әдіс студенттерді пасивті тыңдаушы позициясынан активті зерттеуші және орындаушы позициясына ауыстырады. Жоба барысында студенттер кәсіби қызметте кездесетін шынайы жағдаяттарды модельдейді. Бұл оларға теориялық білім мен практикалық дағдыларды интеграциялауға мүмкіндік береді. Мысалы, халықаралық туризм мамандығының студенттері шетелдік туристерге арналған экскурсиялық бағдарлама жобасын әзірлегенде, олар тек тілдік дағдыларын ғана емес, сонымен қатар мәдениеттану, география және сервис технологиялары бойынша білімдерін де қолданады [4, 896.].

Жобалау әдісі студенттердің сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамытады. Жоба тапсырмасын орындау барысында студенттер ақпарат көздерінің сенімділігін тексеруге, фактілерді салыстыруға, қарама-қайшы пікірлерді талдауға мәжбүр болады. Бұл процесс олардың аналитикалық ойлауын шыңдайды. Сыни тұрғыдан ойлау – кәсіби

құзыреттіліктің маңызды элементі, өйткені заманауи маман ақпарат ағынында дұрыс бағдар алып, тиімді шешімдер қабылдай білуі керек. Шетел тіліндегі ақпаратпен жұмыс істеу студенттерден лингвистикалық талдау жасауды ғана емес, мәдени контексті түсінуді де талап етеді [5, 1236.].

Шығармашылық қабілетті дамыту – жобалау әдісінің тағы бір маңызды аспектісі. Жоба нәтижесі стандартты болмауы тиіс, ол студенттің жеке креативтілігін көрсетуі керек. Студенттер мәселені шешудің балама жолдарын іздеуге, жаңа идеялар генерациялауға және оларды жүзеге асыруға үйренеді. Шетел тілі сабағында шығармашылық жобалар (мысалы, қысқа метражды фильм түсіру, подкаст жасау, виртуалды экскурсия әзірлеу) студенттердің тілдік фантазиясын оятады. Бұл олардың тілді стереотипті емес, икемді және шығармашылықпен қолдануына ықпал етеді [1, 986.].

Командада жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру жобалау әдісінің ажырамас бөлігі болып табылады. Көпшілік жобалар топтық форматта орындалады. Бұл студенттерге өзара әрекеттесу, міндеттерді бөлу, ортақ шешім қабылдау дағдыларын үйретеді. Топ ішіндегі қарым-қатынас барысында студенттер лидерлік қасиеттерін, дипломатиясын және конфликтілерді басқару дағдыларын шыңдайды. Шетел тіліндегі топтық жұмыс коммуникациялық кедергілерді жеңуге, өз ойын нақты және түсінікті жеткізуге баулиды. Бұл дағдылар болашақ кәсіби ортада өте қажет, өйткені халықаралық компанияларда жұмыс істеу көпұлтты командалармен өзара іс-қимылды талап етеді. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) меңгеру де жобалау әдісі арқылы жүзеге асады. Қазіргі жобалар цифрлық құралдарсыз жүзеге асуы мүмкін емес. Студенттер интернет ресурстарын пайдалану, мәтіндік редакторлар, презентация жасау бағдарламалары, графикалық дизайн құралдары және әлеуметтік желілермен жұмыс істеу дағдыларын игереді. Шетел тілін оқытуда АКТ тілдік ортаны кеңейтуге мүмкіндік береді. Студенттер шетелдік сайттардан ақпарат іздеп, онлайн сөздіктер мен аударма құралдарын тиімді пайдалануды үйренеді. Бұл олардың ақпараттық құзыреттілігін арттырып, цифрлық сауаттылығын қалыптастырады [3, 1786.].

Жобалау әдісін шетел тілі сабақтарында тиімді қолдану үшін мұғалім мен студенттердің рөлдері қайта қарастырылуы тиіс. Мұғалім енді ақпарат көзі ғана емес, фасилитатор, консультант және модератор рөлін атқарады. Ол жобаның бағытын анықтап, ресурстарды ұсынады, процесті мониторингтейді және кері байланыс береді. Студенттер болса жобаның толық иесі болып табылады: олар шешім қабылдайды, жұмысты жоспарлайды және нәтижеге жауап береді. Мұғалімнің негізгі міндеті – студенттердің автономиясын қолдау және оларға қажетті лингвистикалық және методологиялық көмек көрсету. Жобалау әдісін ұйымдастыру бірнеше кезеңнен тұрады: дайындық, жоспарлау, зерттеу, өнім жасау, презентация және бағалау. Дайындық кезеңінде мұғалім тақырыптар спектрін ұсынады немесе студенттер өз тақырыптарын

ұсынады. Тақырыптар студенттердің кәсіби бағытына сәйкес келуі және шетел тілін қолдануды талап етуі тиіс. Мысалы, экономика мамандығының студенттері үшін «Халықаралық нарықтағы маркетингтік стратегиялар» тақырыбы, ал заңгерлер үшін «Халықаралық құқықтық нормалардың салыстырмалы талдауы» тақырыбы өзекті болуы мүмкін. Тақырып таңдалғаннан кейін топтар құрылып, мақсаттар айқындалады. Жоспарлау кезеңінде студенттер жұмыс жоспарын, уақыт кестесін және міндеттердің бөлінуін әзірлейді. Бұл кезеңде мұғалім студенттерге жоспардың шынайылығын бағалауға көмектеседі. Зерттеу кезеңі ең ұзақ және еңбекті қажет ететін кезең болып табылады. Студенттер шетел тіліндегі әдебиеттерді, мақалаларды, статистикалық деректерді жинайды және талдайды. Бұл процессте мұғалім лингвистикалық кеңес беруші рөлін атқарады: күрделі терминдерді түсіндіреді, грамматикалық қателерді түзетуге бағыт береді, бірақ дайын жауап бермейді [2, 1896.].

Өнім жасау кезеңінде студенттер жиналған ақпарат негізінде жоба өнімін әзірлейді. Бұл өнім мәтін, презентация, видео, веб-сайт немесе іскерлік ойын сценарийі болуы мүмкін. Бұл кезеңде студенттер шетел тілінде жазбаша және ауызша мәтіндер құрастыру дағдыларын шыңдайды. Мұғалім аралық бақылау жүргізіп, студенттердің прогресін қадағалайды. Презентация кезеңінде студенттер өз жобаларын аудитория алдында қорғайды. Бұл кезеңде олардың қоғам алдында сөйлеу дағдысы, сенімділігі және сұрақтарға жауап беру қабілеті бағаланады. Презентация шетел тілінде өтуі міндетті [3, 2016.].

Бағалау кезеңі жобалау әдісінің ең күрделі бөлігі болып табылады. Дәстүрлі бағалау жүйесі жобаның нәтижесін ғана емес, процессті де бағалауды талап етеді. Бағалау критерийлері алдын ала белгіленуі тиіс. Бұл критерийлерге мыналар жатуы мүмкін: тақырыптың өзектілігі, ақпарат көздерінің сенімділігі, тілдік сауаттылық, презентация сапасы, командадағы ынтымақтастық, креативтілік және уақытты тиімді пайдалану. Бағалау процесіне мұғалім ғана емес, студенттердің өздері (өзін-өзі бағалау) және топ мүшелері (өзара бағалау) қатысады. Бұл бағалаудың объективтілігін арттырады және студенттердің жауапкершілігін күшейтеді [4, 1676.].

Жобалау әдісінің көптеген артықшылықтарына қарамастан, оны практикада қолдану кейбір қиындықтарға тап болуы мүмкін. Біріншіден, уақыт тапшылығы мәселесі туындайды. Жобаны дайындау және қорғау ұзақ уақытты қажет етеді, ал оқу бағдарламасы шектеулі сағат санымен регламенттеледі. Бұл мәселені шешу үшін жобаларды курстық жұмыстармен немесе семестрлік тапсырмалармен интеграциялауға болады. Сондай-ақ, жобаның ауқымын оқу жылының ұзақтығына сәйкес реттеу қажет. Кішігірім микро-жобаларды бірнеше сабақ аясында орындауға болады, ал ірі жобалар бүкіл семестрге созылуы мүмкін [5, 2126.].

Екіншіден, студенттердің дайындық деңгейінің әртүрлілігі мәселесі бар. Кейбір студенттердің шетел тілі деңгейі төмен болуы мүмкін, бұл оларға жобаны орындауды

қиындатады. Бұл жағдайда дифференциалды тәсілді қолдану қажет. Мұғалім студенттердің тіл деңгейіне қарай тапсырмалардың күрделілігін реттей алады. Сондай-ақ, тілдік қолдау көрсету мақсатында арнайы сөздіктер, үлгілер және грамматикалық анықтамалар ұсынылуы тиіс. Топтарды құрастыру кезінде әртүрлі деңгейдегі студенттерді біріктіру арқылы өзара оқыту эффектісін пайдалануға болады [1, 178б.].

Үшіншіден, техникалық ресурстардың жетіспеушілігі мәселесі туындауы мүмкін. Сапалы жоба жасау үшін компьютерлер, интернет және арнайы бағдарламалар қажет. Барлық студенттердің жеке техникалық құралдары болмауы мүмкін. Бұл мәселені шешу үшін университеттің компьютерлік кластарын және кітапханалық ресурстарын тиімді пайдалану қажет. Сондай-ақ, тегін онлайн құралдар мен ашық білім беру ресурстарын пайдалануды насихаттау маңызды [2, 223б.].

Төртіншіден, мұғалімдердің кәсіби дайындығы мәселесі бар. Жобалау әдісін қолдану мұғалімнен жоғары методологиялық дайындықты, икемділікті және креативтілікті талап етеді. Көптеген мұғалімдер дәстүрлі әдістерге дағдыланған болуы мүмкін. Сондықтан мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру, әдістемелік семинарлар өткізу және тәжірибе алмасу платформаларын құру қажет. Мұғалімдер жобалау әдісінің теориясы мен практикасын терең меңгеруі тиіс [3, 234б.].

Жоғарыда келтірілген талдаулар шетел тілін оқытудағы жобалау әдісінің студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудағы маңыздылығын дәлелдейді. Жобалау әдісі дәстүрлі оқыту әдістерінің кемшіліктерін жоюға, студенттердің танымдық белсенділігін арттыруға және оларды кәсіби қызметке жан-жақты дайындауға мүмкіндік береді. Бұл әдіс арқылы студенттер тек тілдік дағдыларды ғана емес, сонымен қатар сыни тұрғыдан ойлау, шығармашылық, коммуникациялық және ақпараттық құзыреттіліктерді де дамытады. Жобалау әдісі студенттерді дербес ізденіске, жауапкершілікке және командалық жұмысқа баулиды, бұл заманауи еңбек нарығының талаптарына сай келеді.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жобалау әдісін тиімді қолдану үшін мұғалім мен студенттердің рөлдерін қайта қарау, оқу процесін жоспарлауды жетілдіру және бағалау жүйесін объективті ету қажет. Жобалау әдісінің қиындықтарына қарамастан, оның артықшылықтары әлдеқайда басым. Болашақта бұл әдісті цифрлық технологиялармен тереңірек интеграциялау, виртуалды шындық элементтерін қосу және халықаралық ынтымақтастық жобаларын дамыту перспективалы бағыттар болып табылады. Қазақстандық жоғары оқу орындарында жобалау әдісін жүйелі түрде енгізу білім сапасын арттырып, бәсекеге қабілетті мамандар даярлауға үлес қосады.

Әдебиеттер тізімі

1. Хуторской А.В. Современная дидактика. – СПб.: Питер, 2021. – 544 б.
2. Полат Е.С. Новые педагогические и информационные технологии в системе

- образования. – М.: Академия, 2020. – 272 б.
3. Щукин А.Н. Лингводидактический энциклопедический словарь. – М.: Астрель, 2022. – 734 б.
 4. Зимняя И.А. Ключевые компетенции – новая парадигма результата образования. // Высшее образование сегодня. – 2023. – № 5. – Б. 34-42.
 5. Сериков В.В. Личностно-ориентированное образование: опыт проектирования. – М.: Логос, 2024. – 328 б.
 6. Байбұрова А.М. Шетел тілін оқытудағы инновациялық технологиялар. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 198 б.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.